



Аудан айнасына 60 жыл

№38 (6576), 15 мамыр 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

НАЗАРДАҒЫ НЫСАНДАР

ҚҰРЫЛЫС САПАЛЫ ЖҮРГІЗІЛУІ ТИС, - ДЕДІ АУДАН ӘКІМІ МЕРДІГЕРЛЕРГЕ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Әлеуметті әлеуметтік мәселелер алаңдатыны, соның ішінде әлеуметтік нысандардың болмауы толғандыратыны белгілі. Бір ауылға мектеп қажет болса, енді біріне мәдениет үйі керек. Әлбетте, тұрғындардың өтініш-тілегі тыңдалғанымен, мәселе қаржыға келіп тіреледі. Сол үшін де әрбір нысанның құрылысы жүйелі жоспарланып, кезең-кезеңімен іске асырылады.

Соңғы жылдары өңірімізде жергілікті халықтың игілігіне жарайтын бірнеше нысан салынып, пайдалануға берілді.

→ 2



ИГІЛІКТІ ІС

Бүгінде елімізде балалардың қолайлы ортада өмір сүруіне, алаңсыз өсіп жетілуіне барлық жағдай жасалып келеді. Бұл ретте, тек мемлекет қана емес, жекелеген сектор да балаларға қамқорлық танытып жатыр. Барлығы да балалардың балалық шағы қызықты өтуіне, бос уақытын тиімді өткізуіне, келешекте тұлға болып қалыптасуына мүдделі.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Айшабибиде ойналаңы пайдалануға берілді

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жуырда Айшабиби ауылдық мәдениет үйінің маңынан салынған балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Нысанға «Азиялық газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қаражаты есебінен, яғни 8 млн 983 мың теңге жұмсады. Игілікті іске ризашылық танытқан аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы нысанның ашылуына арнайы келіп, жергілікті жұртшылықтың қуанышына ортақтасып, демеушілерге алғысын айтты.

→ 2



«Шұғыла», айналдың шын сырласыма



Байтанағали ТӨЛЕНТАЕВ,
КСРО және Қазақстан
Журналистер одақтарының
мүшесі, Қазақстанның
Құрметті журналисі.

Мен «Шұғыла-Радуга» газетіне 1987 жылғы ақпанда келдім. Ол кезде аудандық басылым екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шығарылады екен. 1978 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін бітіріп (республикадағы жалғыз университет болатын), жолдамамен барып Талдықорған облысы Кербұлақ ауданының «Кербұлақ жұлдызы» – «Звезда Кербулака» газетінде біраз жыл жұмыс істедім. Ө дегеннен-ақ газеттің «Өнеркәсіп және транспорт» бөлімінің меңгерушісі болып, 2-3 жылдан соң жауапты хатшы қызметін атқардым. Сондықтан, маған екі тілде шығатын газеттің жұмыстары таныс болатын.

Сондай-ақ, Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде тілші болып, біршама тәжірибе жинақтап үлгергенмін.

Газет ұжымы жылы қарсы алды деп ойлаймын. Газет редакторы әрі журналист, әрі жазушы Базар Қылыбаев мені газет ұжымымен таныстырды. Газетте жауапты хатшының орынбасары қызметі берілді.

Базар Қылыбаевты оқушы кезімнен білетін едім. Ол Жуалы ауданында аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған. Сол ауданның Кременевка (қазіргі Шақпақата) ауылында туып-өскен мені де комсомол қатарына қабылдаған. Мен бұл ұйымға мүшелікке кештеу – 9-сыныптың соңғы айларында ғана өттім. «Әлі дайын емеспін» деп жүрдім. Уставты

(Жарғы) жете білгеннен кейін ғана өтуге бел байлады. «Демократиялық централизм» деген не?», «Сабак үлгерімің қалай?» деген екі сұрағына тиынақты жауап бердім.

Расын айтсам, сол кезде маған Базар Қияқұлы есімдері елімізге белгілі Баубек Бұлқышев, Саттар Ерубасев секілді отты, жігерлі көрінді.

– Кабинеттен шығып, сол жақтағы түкпірдегі есікке бар, онда екі қыз отыр. Солар саған билет жазып береді, – деді жылы шырай танытып.

Мектептен келген топтың ішіндегі ең жасы үлкені де, бойы биігі де мен едім. Кабинеттен аса қуанып шыққаным есімде қалыпты.

→ 4-5

ҒАЛЫМ ҚАПАШ ТАСБОЛАТУЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

ЕҢ ШУАҚТЫ ШАҒЫМ – АСА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНДА ӨТКЕН УАҚЫТ

Қапаш ағайдың басты талабы: әр баланың болмысы бөлек жеке тұлға екендігін, өзіне тән мінезін ескеріп, олардың табиғи жеке болмысына құрметпен қарауды баса назарда ұстайтын. Қатал жаза қолдану керек деген пікірдің мүлдем қате екендігін айтып, осы тұрғыда мұғалімдер мен тәрбиешілерден баланың қызығушылығы мен қажеттілігін ескеруін, олардың өз бойындағы қасиеттерін жете сезінуде тұлғалық дербестігін дамыту керектігін күн тәртібіне қоя отырып, яғни, үйірмелердің ізгі бағытпен жұмыс істеп нәтиже беруін жіті қадағалайтын.

Жатақхананың 1-қабатында аяқ киіміміз дым болып қалса, кептіретін сушилка, кітапхана және ауырып қалған жағдайда жатқызып ем беретін ұлдар және қыздар бөлмесі бар болатын. Бірде ауырып қалып, 1 апта үш қыз окшауландық. Әдеби кітап оқимыз. Ортамызда Қатира домбыра тартады.

Менің әкем де домбыраны керемет шертіп, әдемі қоңыр даусымен анам екеуі әуелете «Сұршақыз» әнін орындаушы еді. Әкеден дарыған қасиет болар, сол бір аптада домбыра тартуды үйреніп шықтым.

→ 8

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



Соңы. Басы 1-бетте

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Айшабибиде ойын алаңы пайдалануға берілді

– Бала – өмірдің гүлі. Бәріміз де бала үшін барымызды саламыз. Бүгін бәріңіз де игі іске куә болып тұрсыздар. «Азиялық газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балаларға қуаныш сыйлау әрі қамқорлық таныту мақсатында тамаша тарту жасады. Өз қаражатына заманауи балалар ойын алаңын салып берді. Қуаныштарыңызға ортақпын. Демеушілерге алғысым шексіз. Алдағы уақытта да игілікті істерге мұрындық болады деген



сенімдемін. Ракмет! – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Келесі кезекте серіктестіктің бас директоры Мират Өтепов, Айшабиі ауылының ақсақалы Шәріпбек Жаркымбаев сөз сөйлеп, салтанатты жағдайда жаңа нысанның кермесін қиды. Балалар ішке кіріп, әткеншек теуіп, сырғанап, асыр сала ойнады.

Айтулы шара аяқталар тұста балаларға балмұздақтар үлестірілді.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚҰРЫЛЫС САПАЛЫ ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС,

– ДЕДІ АУДАН ӘКІМІ МЕРДІГЕРЛЕРГЕ

Быттырғы жылы іргетасы құйылып, қабырғасы қаланған өтпелі нысандардың бірқатары аудандық бюджет есебінен қаржыландырылды. Биылғы жылы сол нысандарды аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беру – күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін негізгі әрі өзекті мәселелердің бірі.

Апта аралығында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы аудандағы құрылыс нысандарын аралап көрді. Өрнек ауылындағы жаңа әкімшілік ғимаратының, Тоғызтарау ауылындағы Т. Токтаров атындағы мектепке жапсарлас салынып жатқан нысанның, Тастөбе ауылындағы спорт кешенінің, Қостөбе ауылындағы орта мектептің, Ш.Ниязбеков ауылындағы «Ту тұғыры» аллеясының, ауылдық мәдениет үйінің, балалар ойын алаңының, Бесағаш ауылындағы мәдениет үйінің

құрылысымен етене танысты. Құрылыс жұмыстарына жауапты мердігерлермен жүздесіп, нысандардың бүгінгі жай-күйіне назар аударып, сапа мен сыртқы келбетіне баса мән берді.

– Құрылыс сапалы жүргізілуі тиіс. Нысан белгіленген уақытында тапсырылуы керек. Қаражаттан мәселе болмайды. Ақшасын уақтылы төлеп жатырмыз. Сіздер өз тараптарыңыздан жұмысты сапалы жасап, уақытынан кешіктірмей өткізулеріңіз қажет. Аудан басшысы ретінде барынша қолдау көрсетіп келемін. Алдағы уақытта тұрғындармен кездесемін. Сол кезде сұрайды. Сондықтанда жұмысты дер кезінде аяқтау маңызды, – деді Ерлан Қыдыралыұлы мердігерлерге.

Назардағы нысандар ағымдағы жылы ел игілігіне пайдалануға беріледі.



БӘРЕКЕЛДІ!

Іскер әйел – «Ұлы ана» төсбелгісінің иегері

Таяуда «Анаға құрмет» республикалық байқауының Жамбыл облысы бойынша жеңімпаздары анықталып, сән-салтанатымен марапатталды.

Жамбыл аудандық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Фарида Дайрабекова қоғамға үлгілі аналар қатарынан табылды. Ол ана қадірін ұлықтап, отбасы берекесін бекемдеуге, ұрпақ тәрбиесі арқылы қоғамның рухани өзегін нығайтуға қосқан тағылымды үлесі үшін «Ұлы ана» төсбелгісімен наградталды.



Төсбелгімен бірге Мадақтама хағы берілді.

– Құрметті Дайрабекова Фарида Дауылбайқызы! Сіздің жүрек жылуына толы болмысыңыз, ұрпақ тәрбиесіндегі парасатты ұстанымыңыз және ұлттық құндылықтарға деген адалдығыңыз – қоғам үшін өнеге. Жас ұрпақтың бойына ізгілік, жауапкершілік пен отансүйгіштік дарыту жолындағы еңбегіңіз айрықша құрметке лайық. Еліміздің азаматтарын тәрбиелеу ісіне қосқан игілікті еңбегіңіз үшін шынайы алғыс білдіреміз, – делінген Мадақтама хатында.

«Шұғыла»-ақпарат.

ТАЗАЛЫҚ – МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

Ақбастау ауылдық округінде республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында санитарлық-тазалық жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Әр сенбі сайын округ әкімдігі мен мекеме қызметкерлері бірлесіп, ауыл аумағын шараларына белсенді қатысуда.

Тазалық – тек айналаны жинастыру ғана емес, ол адамның мәдениеті мен тәрбиесінің айқын көрінісі. Таза орта ауылдың ажарын ашып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, қоршаған ортаға көрік береді. Сондықтан санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің маңызы зор. Халқымыз ежелден тазалықты денсаулықтың кепілі деп бағалаған. «Тазалық – саулық негізі» деген нақыл сөздің астарында үлкен мән жатыр. Әрбір азамат туған

жерінің тазалығына жауапкершілікпен қарап, тазалық мәдениетін күнделікті өмір салтына айналдыруы қажет. – Туған ауылымыздың көрікті, таза әрі жайлы болуы – баршамызға ортақ міндет. Осы бағыттағы игі бастамаларға тұрғындар да белсенді атсалысып, қоршаған ортаны таза ұстауға үлес қосады деп сенеміз, – дейді округ әкімі Нұрсұлу Дүзеева.

Көркем ҚАРАБЕКОВА,
Ақбастау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

ӨҢІРДЕ ТЫҢ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНҒАН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында елдің даму бағытын айқындайтын бірқатар маңызды бастамаларды жария етуде. Осы орайда өңірдің ажарын ашатын тың жобалар қолға алынып, экономикамыздың өркендеуі жолында біршама игілікті істер тындырылды.

күрады. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 38,8 миллиард теңге. Сонымен қатар негізгі капиталға тартылған инвестиция

көлемі 35 миллиард 413 миллион теңгеге жеткен. Оның 28,4 миллиард теңгесі – жеке инвестициялар.

Өткен жылы жалпы құны 1,8 миллиард теңгені құрайтын бес инвестициялық жоба іске асырылып, 71 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы бағытындағы төрт жобаның құны 1,1 миллиард теңге болды.

Айшабиби ауылдық округінде «Ализа» ЖШС жылына 7000 тонна өнім сақтайтын көкөніс қоймасын іске қосты. Жобаның құны – 900 миллион теңге. Нысанға электр желісі мен газ құбыры тартылған.

Гродиково ауылдық округінде кәсіпкер Дариғаш Ақылбекова жылына 90 тонна өнім өндіретін сүт цехын ашты. Сонымен қатар «Карим Жансерик» шаруа қожалығы жылына 10 тонна балық өсіретін бассейн салса, «Жұманов Саламат» шаруашылығы 35 тонна балық өндіруге арналған жобаны жүзеге асырды.

Көлқайнар ауылдық округінде халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізі бойында «Арзан Сити-3» сервистік кешені жұмыс істеп тұр. Құрамында 500 орындық кафе, қонақ үйі, дүкен мен монша бар нысан 50 адамды

жұмыспен қамтуда.

Биыл ауданда жалпы құны 63 миллиард теңгені құрайтын 12 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде 258 жаңа жұмыс орны ашылады.

Көлқайнар ауылдық округінде «АзНұр» шаруа қожалығы тәулігіне сегіз тонна сүт өндіретін тауарлы-сүт фермасын аяқтауда. Ал Ақбастау ауылдық округінде кәсіпкер Шавкат Рыжибаев жылына 240 мың құс өсіретін фабриканы іске қосуда. Бірлесу-Еңбек ауылында «Кнауф Гипс Тараз» ЖШС гипсокартон және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін зауытын кеңейтуді қолға алды. Құны 14,5 миллиард теңге болатын жоба аясында жылына 22 миллион шаршы метр гипс өнімдері шығарылып, 100 адам жұмыспен қамтылады.

Әулікөл ауылында «KEGOC» АҚ бес миллиард теңгеге қосалқы электр станциясын салуда. Сонымен қатар «Juru-Masdar» компаниясы ұзындығы 25 шақырым болатын электр желісін тартуды жоспарлап отыр.

Айшабиби ауылдық округінде «ГЭС Мырзатай» ЖШС құны 30 миллиард теңге болатын бұ-газ қондырғыларын өндіретін зауытты іске қосты.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



Нақтырақ айтқанда, Жамбыл ауданы соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сақтап отырған өңірлердің бірі ретінде ерекшеленіп отыр. Әкімшілік аумақтың өзгеруіне қарамастан, аудан экономикасында өсім байқалып, өндіріс, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен инфрақұрылым салаларында бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылуда.

Айталық, аудан аумағы 419,8 мың гектарды құрайды. Оның 235,9 мың гектары ауыл шаруашылығы жерлері болса, 55,2 мың гектары егістік алқаптары саналады. Тараз қаласының шекарасы кеңеюіне байланысты аудан құрамынан төрт ауылдық округтегі 11 елді мекен облыс орталығына

берілген. Қазіргі таңда ауданда 13 ауылдық округке қарасты 31 елді мекен бар. Онда 51286 адам тұрады. Экономикалық белсенді тұрғындар саны 31,5 мың адам немесе жалпы халықтың 61,4 пайызын құрайды.

Жыл қорытындысында аудан экономикасында оң динамика қалыптасты. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 4,1 пайызға, құрылыс жұмыстары 31,6 пайызға, сауда көлемі 13,7 пайызға артса, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 75,3 пайыздық өсім көрсетті.

Бүгінде ауданда 12 шағын өндірістік нысан жұмыс істейді. Олардың қатарында «Амангелді газ өңдеу зауыты» ЖШС, медициналық бұйымдар шығаратын «Super-pharm» ЖШС және гипс тасын өндіретін «Кнауф Гипс Тараз» кәсіпорны бар. Жалпы өнеркәсіп өнімінің көлемі 44,5 миллиард теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 104,1 пайызды



ЭКСКУРСИЯ

Жуырда аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен тағылымы мол патриоттық іс-шара өтті. Нақтырақ айтқанда, №5 Шайдана орта мектебінің оқушылары үшін «Жасөркен» шекара заставасына арнайы экскурсия ұйымдастырылып, жас буынға әскери қызметтің маңызы кеңінен насихатталды.

Аталған іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне ҚР ҰҚК Жамбыл облыстық шекара қызметі департаментінің Жамбыл ауданы бойынша басқармасының басшылығы, «Жасөркен» шекара заставасының ұжымы және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



РАҚБ «Застава тарландары» ардагерлер бірлестігі Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Қошан Жұмабаев қолдау көрсетті.

Экскурсия барысында мектеп оқушылары шекарашылардың күнделікті қызметімен танысып, Отан күзетіндегі сарбаздардың өмірі мен жауапкершілігі жайында мол мағлұмат алды. Сонымен қатар, шекара қызметінде қолданылатын техника мен әскери жабдықтар көрсетіліп, жасөспірімдердің әскери мамандыққа қызығушылығын арттырды.

Сондай-ақ шекара қызметінің маңызы, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шекарашылардың жанқиярлық

еңбегі туралы кеңінен айтылды. Жастар әскери тәртіп пен патриоттық рухтың мәнін терең түсініп, ел қорғау абыройлы міндет екеніне көз жеткізді.

Шараның ерекше әсерлі сәттерінің бірі айтыскер ақын Нұрлыбек Құрмановтың арнауы болды. Ақынның жалынды жырлары сарбаздарға рух беріп, жас ұрпақтың жүрегіне отансүйгіштік сезім ұялатты.

Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар жас буынның бойында патриоттық рухты қалыптастырып, елге, жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Ақмарал ҚАЙСАР,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі маманы.

Соңы. Басы 1-бетте

«Шұғыла», айналдың



«Қаракемер» совхозының директоры
Есенбек Жатқанбаевпен

«Газет – өмір айнасы» деген сөзді мен де оқушы кезімнен естіп өттім. Үйге «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», сол сияқты аудандық «Жаңа өмір», «Новая жизнь» газеттері келетін. «Білім және еңбек», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», басқа да журналдарды алып тұрдық. Меніңше, ол кезде адамдардың газет-журналды оқуға деген ынталары тым жоғары еді. Почтальонды жақынымызды күткендей асыға күтетінбіз. Өңші Суат Әбусейітовтің осындай әнді көңілді, мақтанш сезімімен шырақ жүретін уақыты да сол тұс.

Бала кезімде үйде бағасы сол кездегі ақшамен 5 сом тұратын радиоқабылдағыш бар еді. Тәулік бойы әртүрлі жаңалықтарды, еліміздегі жетістіктерді айтып, тыңдаушыларды риза ететін. Бірде радио тыңдап отырған атамның (мен әкемнің әкесі мен анасының көріп, солардың ақылын тыңдап өскенмін) дауыстай сөйлеп:

– Мына сөйлеп отырған адамның түрін көре алсақ қой, шіркін? – деген сөзін естіп қалдым.

Арада біраз жылдар өткен соң үйде теледидар да пайда болды. Бірақ жарты ғасырдай уақыт бұрын атамның аузынан естіген сол сөздерді ұмытқан емеспін. Өзінің бойы арғымақ құлақтарынан биік көрінетін. Келіндері «Ұзын ата» деуші еді. Ойлау жүйесі де зор болғанын сезінемін.

Әкем үйге кітаптарды да көп әкелетін. Қазір ойласам, ол кезеңде Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты арыстардың ақталып, кітаптары жекелей де, том-том болып та шығып жатқан жылдар екен.

Міне, осындай жаңалықтар халықтың рухани өсуіне оң ықпал етсе керек. Ақын-жазушылардың жаңа дүниелерімен етене қауышқан мектеп мұғалімдері де жаңа тыныс алғандай еді. Мектебімізде бізге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген мұғалім – ұстазымыз Момынкүл Пірәлиев өте білімді, мәдениетті, жанашыр жан болатын. Әрбір сабағы кейін университетте өзі лекцияларын тыңдаған Зейнолла Қабдоловтың (әдебиет теориясынан дәріс берген) сабақтарындай тартымды өтетін. Соған орай, біздің – шәкірттердің білім алуға деген ынталары жоғары болды.

Ұлы Абай адамды талапты болуға (44-сөзі) шақырады ғой. Сол кездегі республикадағы жалғыз университетте білім алған соң болар, мен де ұдайы өзіме үлкен талаптар қоюға тырыстым. Германияда әскери борышымды өтеп жүрген жылдардағы «Қиынға алдымен мен баруым керек» сезімі де бойымда бар еді. Журналистер жаңалықтарды, ел жетістіктерін, тіпті, кемшіліктерді де басқа мамандық иелерінен бұрынырақ білуге тиіс деп ойлаймын.

Газет-журналдар мен кітаптар көркі дегенде, «Газеттер мен журналдарды техникалық

безендіру» пәнінен сабақ берген тамаша ұстаз, үлкен жазушы Әбілпейіз Ыдырысов ағаның: «Баспасөз өнімдерінің сыртқы көріністері тартымды, ішкі мазмұны терең болуы қажет» деген сөзі де ойымда болды.

«Ұлы адамдарды еңбек еңселендіреді», – депті Сенека. Тілінен гөрі құлағыңды көбірек пайдалан деген сөз де осы кісінікі ғой. «Шұғыла» газетінде қызмет ете жүріп бұл сөздердің шынайылығына нақты көз жеткіздім десем болады. Еңбек адамның еңсесін көтеріп қана қоймай, оны басқаларға танытып, абыройға бөлейді.

Мен газетке келген жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ю.Зайцев, халық депутаттары Аудандық кеңесінің төрағасы Н.Полищук деген кісі еді. Жақсы адамдар еді. Ауданда экономика, білім, медицина, мәдениет пен спорт, әлеумет – барлық салаға да жете көңіл бөлінетін. Аудан, ауыл басшыларында жақсы көңіл күй, серпіліс болды. Осы жағдайда «Шұғыла-Радуга» да тынбай ізденіп, түрлі рубрикаларды орынды пайдалана отырып, жақсы ізденістермен жұмыс істеді. Жалт еткен жақсы жаңалықтарды естисек, оны оқырмандарға жеткізуге асығушы едік. Аудан журналистерінің бірлігі, ынтымағы да жоғары болатын.

Уақыт тез жылжиды. Сол кездердегі еңбек адамдарымен түрлі кездесулер, мал өсірушілердің қарбалас тірліктері, егіс басындағы нақандық жұмыстар, тәжірибелі мамандармен әңгімелесулер, мәдениет, білім беру, басқа да салаларда атқарылып жатқан игі істер көріністері көз алдыма жиі келеді.

Еліміз дербес даму жолына түскеннен кейін де аудан халқының еңбекке көзқарасы, бірлігі, татулығы жоғары болды. Тәжірибелі журналист, өз ісіне аса берілген ізгі ойлы басшы Базар Қилыбаев газеттің әр нөмірін оқырман ойынан шығатындай етіп шығаруға мән беретін. Әр нөмірді жоспарлауға өзі қатысып, әріптестер сөзіне құлақ қоятын. Сырттай аса қатал көрінгенімен, шын мәнінде, жүрегі жұмсақ, басқаны да тыңдай білетін білімді, көргенді әрі іскер редактор болды. «Сапарнама», «Ұстаздық еткен жалықпас», «Ақ халатты абзал жандар», «Ерлік – елге үлгі, ұрпаққа – мұра» дегендей рубрикалар аудандық газет қамтыған салалардың ауқымдылығын, алуанқырлығын көрсетсе керек. «Біздің рейд», «Дабыл қағамыз!» сияқты рубрикаларда орын алған кемшіліктер және оларды түзету жайлы ой қозғалатын.

Аудан өмірін неғұрлым кеңірек көрсету мақсатында арнайы беттер, қос беттер ұйымдастырылатын. Жыл сайын аудан мал өсірушілерінің слеті өтуші еді. Ол «Қаракемер» совхозы жеріндегі Көкіш көлі маңында өтетін. Бұл

іс-шаралар халықтық дәстүрлерді еске түсіруге, өркендетуге зор ықпал етті.

«Дөңгелек столдарға» келушілер оған үлкен қызығушылықпен қарайтын, өз ойларын ортаға салатын. Бұл, әлбетте, аудан тұрғындарының ынтымағын арттырып, адамдардың жұмысқа деген көңіл күйлерін көтеруге оң әсер ететін. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» екені рас.

Айта кетер жәйт, аудан мал өсірушілері слеттерінде сол жылғы жетістіктер сөз болып, алға жаңа мақсаттар қойылатын. Аудан, сондай-ақ, әрбір шаруашылық өз озаттарына сыйлықтар тапсырып, ат мінгізіп жататын. Спорт жарыстары өтетін. Бір жылы лотереяға жаңа «Жигули» автокөлігі тігілгені де ұмытылмас.

Бір жылы Көкіш көлі маңында өткен іс-шарадан жазылған үш-төрт беттік мақала-репортажымды (суреттерін фототілші С.Айтбаев түсірген) Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық газетінен келген журналистер таңдана көріп, сол газеттің 2-3 данасын сұрап алып кеткені де күні кешегідей. Онда нан өнімдері, ет өнімдері, сүт өнімдері, тары өнімдері дегендей, әртүрлі ас мәзірлерін ерінбей теріп жазып, суреттерге түсірген сәттер бар еді.

«Шұғыла-Радуганың» әр жылы көктемде Баспасөз күніне орай өтіп тұратын аудандық волейбол жарысы көрермендердің көңілдерінен шығып жүрді.

1991 жыл «Шұғыла-Радуга» газеті үшін ерекше екпінді жыл болды. Осы жылы аудандық газеттің 25 жылдығы аталып өтілді. Мерекелік іс-шараны сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық Кеңес төрағасы Ю.Морозов ашып, құттықтау сөз сөйледі. Газеттің редакторы Б.Қилыбаевқа және ұжымға тілектестік білдіріп, Құттықтау хат тапсырды. «Шұғыла-Радуга» газетінің бұрынғы редакторларының бірі, облыстық «Ақ жол» газетінде ұзақ жыл бас редактор болған Арғынбай Бекбосыновқа шапан жабылды. «Шұғыланың» ардагері – 25» лентасы еңбек ардагері Лесбек Әзбергеновке беріліп, құрмет көрсетілді.

Мерейтойдың ресми бөлімінде мереке қонақтары мен редакция қызметкерлеріне ескерткіш сыйлықтар тапсырылып, мерекеге қатысушыларға арнап Сенгірбай көлі жағасында дастархан жайылды. Газеттің ширек ғасырлық мерекесіне аудандық мәдениет бөлімінің (менгерушісі Б.Сырлыбаев) қызметкерлері де белсенді қатысып, танымал әндерден шашу шашты.

1991 жылдың соңғы айларының өзінде аудан тұрғындарын ортақ мақсатқа жұмылдыру, кемшіліктер болса, жедел түзету мақсатында газетте бірқатар жұмыстар жүзеге асты. Бірнеше «Дөңгелек стол» ұйымдастырылған. Олардың қатарында: «Халықтық педагогика – жас ұрпақ тәрбиесіне» («Шұғыла», 10 қазан 1991 жыл), «Армысындар, аяулы ардагерлер!» (26 қазан 1991 жыл), «Кеңесіміз кемелді ме?» (16 қараша 1991 жыл), «Мәдени қызмет – мерейлі міндет» (23 қараша 1991 жыл) тақырыптарында өткізілгендерін айта кетуге болады. Оларда қозғалған мәселелердің манызды екендіктері тақырыптарынан ақ көрініп тұрса керек. Иә, «Дөңгелек столдар» татулықпен, ұйымшылдықпен өтуші еді.

«Шұғыла-Радуга» газеті онан кейінгі жылдары да өмір көшінен қалған емес. Аудан, мекеме, шаруашылықтар мен кәсіпорын басшылары да уақыт талабына сай жұмыс істеуге тырысты.

Соның арқасында ауданда өз істерін жақсы білетін жаңа кадрлар, білгір мамандар мен еңбек озаттары көптеп өсіп шықты. Мәселен, Жамбыл облысының Құрметті

азаматы А.Костянкин (XXII партсъезд атындағы колхоздың төрағасы), ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру шебері, ақылман адам М.Аширов («Октябрь» колхозының төрағасы), ақылды, тапқыр сөйлейтін, іске жанашыр азамат В.Ким («Ақкөл» колхозының төрағасы), ауданда Крупская атындағы колхозды басқарып, кейін Байзақ ауданының әкімі болған С.Әбілеков аға, теміржол бойындағы үлкен кәсіпорынды басқарған жүрегі жылы адам Р.Олжабаев, тағы басқаларының есімдері ауданның тарихына алтын әріптермен жазылғаны анық. Олардың есімдері ауданнан тысқары жерлерге де мәлім еді. Мәселен, А.Костянкин облыс колхозшылары қауымдастығының төрағасы болды. Ауыл шаруашылығының барлық саласынан жоғары өнімдерге қол жеткізіп жүрді. Өзінің жұмысқа деген жоғары ынтымағымен басқа әріптестеріне үлгі бола алғанын да айта кеткен жөн. Қазақ дәстүрлерін де жақсы білетін еді.

Алдыңғы лектің қатары тәжірибелі шаруашылық

Н.Тілегенов, М.Сейітов, С.Қожабеков, Б.Иманбеков, П.Берікова, Б.Қалтаева, аудандық ветеринария саласына ұзақ жыл басшылық жасаған Р.Жапаров, аудан әкімдігі экономика бөлімінің менгерушісі Б.Меркібаев, мектеп директоры Ж.Бөрібеков, «Аса-агропромтехника» кәсіпорнының директоры К.Иванидзе өз жұмыстарының үлесінен шығуға тырысатын. Әлбетте, мәдениет және спорт саласында да ілгерілеулер аз болған жоқ. Қазақ күресінің шебері А.Үсіпбаев, қазақ күресінен, самбо және дзюдодан спорт шебері Қ.Қожымбетов, аудан спортын басқарған, қазақ күресінен Еңбек Ері Байгелді Кейкиев атындағы жарысты (бірінші жылы аудандық, келесі жылдары республикалық және халықаралық жарыстар) 10 жыл бойы үздіксіз ұйымдастырған Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт шебері Серік Қапалбаев, КСРО спорт шебері Қ.Ержігітов, халықаралық спорт шебері Руслан Мұхамедғалиев, тағы басқалары жайлы «Шұғыла-Радуга» газетінде жиі және мақтаншпен жазылатын.



Облыстық салалық кәсіподақтар ұйымының төрағасы Оңласын Есірқенов Алғыс хат тапсыруда

басшыларымен толығырақ түсті. Олардың қатарында «Пионер» совхозының директоры Т.Жапаров, МРСХО директоры Т.Нұрбаев, «Аса» совхозының директоры М.Байгелдиев, «Жасөркен» совхозының директоры Н.Момынов, Қуйбышев атындағы совхоздың директоры М.Шаюков, тағы басқаларын айтуға болады. Олар ауыл шаруашылығы өндірісінде ізденістер жасап, жаңа технологияларды тиімді пайдалануға ұдайы мән берді. «Пионер» совхозының (өндірістік кооператив болған кезіндегі директоры А.Жұмаханов та ізденімпаздығымен көрінген) көрсеткіштері ұдайы өсіп отырды. Мұнда, негізінен, Оңтүстік Қазақстан мериносы қойы өсірілді. МРСХО директоры Т.Нұрбаев экономикалық тиімділікке қол жеткізуге көп көңіл бөлетін. Сол жылдары оның Қазақстан бойынша шаруашылықтар басшылары арасында ең жоғары еңбекақы алып жүрген директор болғаны жайлы республикалық журналдардың бірінде жазылған-ды. Қуйбышев атындағы совхозды басқарған Д.Токбергенов, «Юнчи» өндірістік кооперативінің жетекшісі болған Т.Аширов те биік белестерге қол жеткізіп жүрді. «Қаракемер» совхозының басшысы болған Мұхтар Шайдаев та мол үміт күттіретін.

Ауданда әр салада еңбек етіп, өздерінің еңбекке деген зор құлшыныстарымен көріне білген жетекшілер де, мамандар да көптеп саналатын. Солардың ортақ мақсат жолындағы игі ізденістері жақсы жетістіктерге қол жеткізуге, аудан тұрғындарының татулықтарын сақтап, ынтымақтарын арттыруға септігін тигізді. Сондай басшылар қатарында Т.Әбдіқұлов, Х.Биболов,

Алғашқы жылдары шаруашылықтар басқарған Д.Токбергенов, Ә.Әсілбеков және М.Байгелдиев кейін аудан әкімі ретінде де Жамбыл ауданы экономикасын ілгерілетуге өз білімдерін жұмсап, үлестерін қосты. Осы арада білімді де жанашыл басшы болған Жамбыл атындағы совхоз директоры С.Салдықов жайлы ерекше ілтипатпен, ризалықпен сөз айтуға болады. Бұл шаруашылықта 1 мың гектардан астам жүзімдік алмағы болды. Шарпа зауыты жұмыс істеді. Ауыл адамдары жұмысын толық қамтылды. Тараз қаласына іргелес орналасқан үлкен ауылдың инфраструктурасы да көз қуантарлықтай еді. Тіпті, мұнда қысты күндері жол қарын тазалағыш техника да жұмыс істеді.

Осындай жылы сөзді сол кездегі Амангелді атындағы колхоздың жас басшысы Р.Бегалиев туралы да айта кеткен жөн. Аталмыш ұжым әрбір экономикалық жылды тек табыспен аяқтап отырды.

Аудан экономикасын дамытуға үлес қосуда көп ізденістер жасап, еңбектерімен өзге түскен әйелдер, қыз-келіншектер қатары да көбейе түсті. Аудандық газеттің 60 жылдығы мерейтойына орай сондай кісілердің біреуінің есімдерін айта кетуді жөн көріп отырмын. Аудан әкімінің орынбасарлары болған Рәткүл Әзімбекова, Үміткен Найманова, аудандық Кеңес хатшысы, төрағасы болған Әсия Қоржықова, аудандық қазынашылық бөлім бастығы Айбарша Ахметова, аудандық білім беру бөлімінің басшылары болған Ұстаздар Айша Ниязбекова, Бакытгүл Жұмабаева, СЭС басшысы болған Маржан Ақтанова, тағы басқаларын айтуға болады.

Еңбекпен өсіп, өздерін көрсете білген адамдар қатары арта түсті.

ШЫН СЫРЛАСЫМА

«Жасөркен» совхозын басқарып, кейін Айшабибі селолық округінің әкімі болған Нәби Момынов өзінің ат спортына деген қызығушылығын бәсеңдеткен емес. Ол облысымызда көкпарды дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Сондай еңбегінің арқасында «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атанды. Көкпардан 9 спорт шеберін әзірледі. Осыдан жақсы сөзді Серік Қапалбаевтың атына да айтуға болады. Оның 2 ұлы да: Алмас пен Жалғас самбодан әлем чемпиондары болып, еліміздің атын әлемге танытуға зор үлес қосты.

Өндіріс озаттары қатары да жыл санап өсіп отырды. Әрине, еңбекке деген құлшыныс бар жерде өнімділік те арта түседі. «Октябрь» колхозының атакты сауыншысы, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің толық иегері Валентина Иванова, «Қаракер» совхозының есімі елімізге белгілі аға шопаны Оразғали Ақынов, «Пионер» өндірістік кооперативінің Еңбек Қызыл Ту орденді аға шопаны Құрманбек Тубаев, «Ақкөл» колхозының балтамыр өсірушісі, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Бегай Кабашева, «Аса» совхозының қант қызылшасын өсірушілер звеносының жетекшісі болған Фатима Жаманбаева, қаракерлік озат қызылша өсірушілері Медеркүл Шайдаева, Шолпан Сәтімбекова, Гродеково ауылынан балтамыр өсіруші Х.Дурсунова, тағы басқалары биік көрсеткіштерге қол жеткізді.

Уақытпен өзгерген экономикалық қатынастармен бірге, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, басқа салаларда да өрге басу болды. Ардагер ұстаз Райкүл Омарова апай туралы сүйсінбей айту мүмкін емес. Ол кісі әлі де белсенді. Жас ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосуда. Аудандық газетке жиі-жиі мақала жазып тұрады. Мәселен, «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады» мақаласы («Шұғыла», 7 наурыз 2020 жыл) тәлімгерлік сипатта жазылуымен ерекшеленеді. Мақалалары бұл кісінің жазушылық шеберлігі бар екенін де аңғартады. Желінің 30 жылдығы атындағы мектепте (қазіргі №1 мектеп) ұзақ жыл директор болды. Айшабибі орта мектебінің директоры болған зейнеткер Сдулгул Қошанова да өзінің қаламгерлік мүмкіндіктерін оқырмандарына көрсете алды. Ол – қазір бірнеше кітаптың авторы. Жас ұрпаққа білім беру ісімен айналысып жүргендер қатарында, әрине, еңбек озаттары өте көп.

Денсаулық сақтау саласының майталмандары дегенде, ойымызға ең алдымен, ауданның бірінші бас дәрігері болған У.Әбдуллин, аудандық аурухананың жұкпалы аурулар бөлімінде ұзақ жыл қызмет жасаған Т.Көпбаев, есімдері аудан тұрғындарына жақсы танылған дәрігерлер Т.Айбосынов, Н.Пирмағанбетова, тағы басқалары еске түседі. Сондай-ақ Т.Мұсаев, С.Сейдалиев, М.Жолымбеков, басқа да көптеген дәрігерлер аудан тұрғындарының денсаулығы күзетінде ұзақ жылдардан бері тер төгуде.

Аудандық газетте барлық саланың да еңбек озаттары жазылып тұрды. Мәселен, зейнеткер, запастағы майор Г.Әбілғазиев туралы «Министрдің сағаты» деген очерк жазғанымыз есімде. Тәртіп күзетінде тер төгіп жүрген оның әріптестері жайлы да көбірек айтуға болар еді.

Мен «Шұғыла-Радуга» газетінде 30 жыл қызмет етіппін. Демек, бұл газеттің 30 жылдағы жағдайы менің көз алдыма өткені ғой. Газеттің қағаз болмай, бір парақ болып шыққан кезін де көргенмін. Қуаныштысы, кейбір аудандық газеттердегі сияқты шықпай қалған кезі болған жоқ. Бұл жерде аудан басшысы Ю.Морозовтың атына тағы да мақтау сөз айтуға

тура келеді. Аtpал азамат газетке жанашырлығын шынайы көрсете білді. «Ақкөл» колхозының төрағасы В.Киммен бірігіп, газетке қағаз алуға мүмкіндік жасады. Редакцияға 14 тонна қағаз алынып берілді. Газет басшысы Б.Қылыбаев олардың есімдеріне ұдайы алғыс айтып отыратын еді. Өйткені мұнан соң қағаз тапшылығын сезінген емеспіз.

Газет қызметкерлері 2-3



қабылдаған ағаның уәжіне қарсы болғаным жоқ.

Уақыт сырғып өтіп жатты. Кейінірек – 2008 жылы осы «Шұғыла-Радуга» газетінің тізгінін біраз уақыт ұстағаным бар. Бас редактордың міндетін уақытша атқардым. Газет тиражы шапшаң өсіп, аудандық ішкі саясат бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Дауыл Бейсенқұлов әрі риза болды, әрі таң қалған.

Қожакеев) бірінші орын алып, жаңа пайдалануға берілген жатақханаға (№6) орналасу мүмкіндігі осы факультет студенттеріне берілген екен. Мен және Ә.Құлбаев деген студент (Өзбекстанның жігіті) сәті түсіп, алғашқы екі төсекті алдық. Менің ойымша, бұл – үлкен естелік. Сол кезде де осылай үлкен қуанышқа бөленген едім. Журналистердің өз жатақханасы (№5) келесі жылы ғана пайдалануға

жарактандырылды. Бағдарлама осы жұмыстарды өз қаражатымен жүргізді. Міне, бағдарламаның осындай жұмыстары жайлы газетке материалдар беріп тұрғаным үшін аталмыш бағдарламаның Алғыс хатына (ағылшын тілінде) ие болдым. Оны бағдарлама директоры Сара Крокеттің атынан алған едім.

Жалпы, «Шұғыла-Радуганың» алғашқы нөмірі 1966 жылы 1 шілдеде шыққан екен. Бірінші редакторы Сағат Арынов деген тәжірибелі журналист болған. Меніңше бұл газетте сол кезеңнен бастап жақсы дәстүр қалыптасқан. Ол – газет қызметкерлерінің ұйымшылдығы, газет сапасының жоғары болуына біркісідей көңіл бөлетіндігі дер едім.

Қазір газет оқырмандарының бұл басылымға қызығушылығы қайтадан жоғарылап келе жатыр деуге болады. Оған аудандық газеттегі жаңа өзгерістер игі ықпал еткендей. Әрине, Жамбыл ауданынан шыққан қаламгерлер қатарыда көбейе түсуде. Мен ауданға алғаш келген жылдары қаламгерлер қатарында бірнеше ғана кісінің есімдері аталатын. Ал, таяуда ғана аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының қолдауымен Тараздан жарық көрген «Жамбыл – қаламгерлер мекені» кітабына 60 автордың шығармалары еніпті. Қаламгерлердің көбеюі өте қуанышты. Ұшамын деген қанатқа көкжиек кеңдігі жетеді. Сөз – рух негізі. «Шұғылаға» соғыс және еңбек ардагерлері, өнерлі адамдар, спортшы жастар туралы да көп жазып едім. Шаруа қожалықтарының жақсы істері, замандастарымыздың қолдауға боларлық жақсы істері де көп қой? Мерейтойлық нөмірге, сол сияқты бірге қызмет істеген әріптестерім жайлы, олардың кітаптары жайлы да ой толғасам деп дайындалып едім. Аудандық кітапханада (директоры А.Қалисаева) көп жақсы істер атқарылуда. Аяз ата қалталарын тарату кездеріне де куә болған шақтарым бар. Ауданда қырықтқышылар конкурстары да жыл сайын өтіп тұратын. Тастөбе ауылында зейнеткер Аярбек Байдалиев ағаның өз қаражатымен «Ғылымжарыс» өткізгенін ұмыту мүмкін бе? Міне, осы жайлардың барлығы мені тебірендетеді. Бірақ, сөздің ұзағынан мәндісі жақсы ғой деген ой кимелеп кетті.

Сонымен бірге, буындар эстафетасы берік қолда ғой деген ой да көңілге тиянақтылық беруде. Мақаламды тезірек мақала дегім келеді. Өйткені айтарларым көп еді. Мақаламды осылай аяқтай отырып «Шұғыла-Радуга» газетінің көркі де, сапасы да арта беретініне сеніммен қараймын. Бас редактор Нұрсұлтан Сұлтанбаев – өте тәрбиелі, өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарайтын жігіт. Дизайнерші Ғалия Алиева өз ісінің нағыз білгірі. Жас журналист Аружан Күнтубайдың алар асулары әлі алда.

Ақын Совет Әлімқұлов «Шұғыла-Радуга» газетінің 25 жылдығына арнаған мақаласына «Шұғыла», қоям сені шың басына» деп тақырып қойған еді. Соған қарай отырып, мен мақалама «Шұғыла», айналдың шын сырласыма» деген тақырыпты қойып отырмын. Ондай тақырып қоюымның сыры да жоқ емес. «Шұғыланың» әрбір нөмірін асыға күтемін. Газетте аудан өмірі жарқырап көрініп тұрады.

Ізгі ойларымыз, тілектестіктеріміз жалғаса берсін деген ниетпен өзім ұзақ жылдар қызмет істеген ұжымға тілегімді айтқым келеді. 60 жылдың белесіне шықса да, жас көрінетін «Шұғыла-Радуга» газеті ұжымын бұл қуаныштарымен құттықтаймын. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Еліміз үшін еңбек ете беріңіздер.

айлап айлықтарын ала алмай жүрген кездері де болған. Берсе, шаруашылықтардың ауданға салық үшін берген өнімдері арқылы берілетін. Көкөніс, қалбырлар, тағы да басқа сол сияқты өнімдер беріліп тұрды. Өзімізде аудандық патриотизм болған-ау деп ойлаймын.

Осындай кезеңде газет қызметкерлерінің қысқаруы да болмай қалған жоқ. Алғашқы жолғы жалпы жиналыста редакция мен аудандық баспахана кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде сөйлеп, редактордан ең алдымен өзімді қысқартуды сұрадым.

– Неге? Сенің журналистік дипломың бар ғой. Маманнан қалай ажыраймыз? – деді редактор Б.Қылыбаев.

– Соңынан келген мен едім, – дедім мен.

Сөйтіп, газет кадрларының ішінде ең алдымен өз өтінішіммен қысқаруға мен іліктім. Бірақ, газетке қайта оралу пешенеме жазылған екен.

Аудандық Кеңес төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген Хаби Биболов ағамен почта маңында кездесіп қалып, жөнімді айтқанмын.

– Мен қысқаруға іліктім. Басқа жақтан қызмет іздеймін, – дедім.

– Сен сияқты білімді жігіт біздің ауданға керек. Түс қайта маған келші, – деді Хаби аға.

Сөлай болды да. Ол кісі қызметке алды. Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Ә.Токтасынов кабинетте отыратын орнымды көрсетті. Іске кірістім. Дегенмен, арада көп уақыт өтпей газет редакторы Б.Қылыбаев телефон арқылы хабарласып, мені «Шұғылаға» қайта шақырды.

– Журналист керек болып тұр, – деді.

Біраз ойланып: – Жарайды, келісейін. Бірақ енді қысқарту болмауы керек? – дедім.

– «Шұғыла» жабылғанша қысқартуға түспейсің. Ел жағдайы жақсарса, аудандық газеттер де жабылмайды, – деді Б.Қылыбаев батыл сөйлеп.

Осылайша «Шұғыла» газетіне мен екінші рет келдім. Сөйтіп, оқушы кезімде комсомолға

Газет таралымының өсуінің құпиясы жоқ. Мен ең алдымен тілшілер қатарын көбейтуге көп мән бердім. Мысалы, аудан әкімдігінің экономика бөлімінің басшысы Б.Меркібаев, аудан ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Т.Өмірбеков, Айшабибі селолық округі төрағасының орынбасары Ә.Токтасынов, Жасөркен селолық округінің бас маманы К.Егембердиев, тағы басқалары газетпен жиі хабарласып, өздеріндегі жаңалықтар жайлы жазып тұрды. Жұмысшы тілшілер табуға да көп көңіл бөлдім. Содан болар, газетке жазылушылар қатары тез өскен еді. Сол уақыт ішінде газет санымен бірге, оның беделі де өскен.

Әлі есімде, 2008 жылы сәуір айында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Манкентте Қазақстанның оңтүстіктегі төрт облысының облыстық және аудандық газеттері, Орталық Азияның төрт елінің облыстық және аудандық газеттерінің байқауы болып, оған төрешілікке тәжірибелі журналистер (Англия, АҚШ-тан) шақырылыпты. Осы іс-шараға қатысқан тілшіміз Л.Алдабергенова «Шұғыла-Радуганың» ең жоғары биіктен көрінгенін айтты. Аудандық газет сонша (1500-ден астам) облыстық және аудандық басылымдар арасында бірінші орыннан көрінген. Топ жарған сол жылғы Наурыз мерекесіне арналған нөміріміз еді.

Байқау комиссиясы үш мәселеге назар аударыпты. Олар: газеттің сыртқы тартымдылығы, Президент Жолдауына қолдаулар болуы және бір газетке әртүрлі жанрда жазылған көп материалдың берілуі. Осы үш талап бойынша «Шұғыла-Радуга» газеті ең жоғары биіктен көрінген екен.

Есіме түседі, Алматыдағы «ҚазГУградты» (ҚазМУ студенттері қалашығы) біреу білсе, біреу білмес. Мен осы қалашықтың бірінші төсек (101 бөлме, 1 орын) алған студент-тұрғынымын. Ол былай болған еді. Университетте факультетаралық білім және өнер жарысы өтіп, онда «Журналистика» факультеті (деканы филология ғылымдарының докторы Темірбек

берілген. Кейін сол жатақханаға көштік.

«Шұғыла» көп өнер шеберлермен, ақын-жазушылармен кездесуге жол ашты. Қазақ халқының біртуар қызы, атакты әнші, Халық Қаһарманы Роза Бағланова, белгілі ақын Тынышбай Рахимов, асқан күйші Төлеген Токбергенов, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұңғышбай Жаманқұлов, белгілі кинорежиссер Ардақ Әмірқұлов, жас әншілер Динара Қырықбаева, Құрманша Махан, басқа да көптеген қаламгерлер және өнер тұлғаларымен осы басылым арқалы кездесіп, олар жайлы газетке жазғанымыз үшін де қуанамын. Осыдай сәттерді еске алу көңіліме әлі де жылу береді.

«Шұғыланың» бәсі жоғары болуына жеке шығармашылығыммен де қолұшымды беруге мән бердім. Елімізде шахмат туралы менен бұрын ешбір қаламгер өлең немесе прозалық шығарма жазған емес. Мен шахмат жайлы 2 том өлең жаздым. Шахмат туралы өлеңдер, меніңше, әлем бойынша бір бет болып бірінші рет осы «Шұғылада» жарқырады. Шахмат прозасы жайлы да соны айтуға болады. Шахмат туралы жұмбақтар, жаңылтпаштар жазып, мақал-мәтелдер де шығарып көрдім. Шахмат туралы алғашқы ән де осы Тараз топырағында дүниеге келген сияқты.

Француз ойшылы, жазушы В.Гюго: «Арманына қол жеткізген адам – ұлы адам», – депті. Менің ойымша, өз арманына адал, еңбексүйгіш және тәртіпті адам ғана сол жеткізеді. Қаламым әлі қолымнан түскен жоқ, түспейді деп ойлаймын.

Тағы бір айта кетер жәйт, «Шұғыла-Радуга» арқылы алыс шетел адамдарымен де кездескен сәтім болды. 2004 жылы негізі АҚШ-та орналасқан ЮСАИД бағдарламасы арқылы Жамбыл ауданында да біршама (бұл бағдарлама Қазақстан мен Орталық Азия елдерін қамтыған, спорт пен денсаулықты насихаттайды) жұмыстар атқарылды. Мәселен, Асада алғашқы компьютер орталығы ашылды. Мектептердің спорттық алаңшалары жөндеуден өтті,

Жүрек қалауына жүгінген журналист

Маханбетәлі Дүйсебаев «Нархозда» бухгалтер-экономист мамандығы бойынша оқып жатқан оқуын тастап, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түскенде 23 жаста еді. Ол осы салаға саналы ғұмырының 35 жылын арнаған. Соның 15 жылы облыстық «Ақ жол» газетінің еншісінде.



– Маха, сіз оқуға түскенде сыныптастарыңыздың арасында жоғары немесе орта арнаулы оқу орнын бітіріп, қызметке орналасқандар да болған шығар? Сонда өкінген жоқсыз ба? – деп сұрай қалғанымда:

– Несіне өкінейін, сүйген істің сүйініші болады ғой, Болат-ау. Журналистік қызметке арнаған жылдарым өмірімнің ең маңызды кезеңі болды, – дейді ол жайбарақат, өткеніне риза кейіппен.

Махамен етене араласуым 1978 жылы Жамбыл аудандық «Шұғыла» газетінің редакциясына қызметке ауысып барған кезден басталды. Университеттен жүзтанис, сәлемі түзу ағамыз жаңа жұмыста жылыұшырай қарсы алды. Бірақ, кейбіреулер сияқты «аға газеттен» ауданға ауысуымның себеп-салдарын қазбалап сұраған жоқ. Маған ұнағаны да осы бекзаттық мінезі. Қызметті жаңа бастап, көңіл көкке көтеріліп жүргенде мінәйі себептермен облыстан ауданға ауысқаныңды, былайша айтқанда, төмендегеніңді тәптіштеп сұрағанды кім жақтыра қойсын. Мен сондай күйде едім. Махаң менің жағдайымды айтпай-ақ түсінгендей.

Маханбетәлі Дүйсебаев – редакцияда ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі.

– Махаңның тақырыбы – ауыл, жұмысы – «ауыр». Сондықтан басқа бөлімдер де көмектесіп тұрындар, – дейді бас редактор Шәймерден Дәуренов кекеткені, не шын көңілден айтқаны белгісіз. Сөзқуар бәлекорлығы жоқ Махаң: «Өзіміз де бәрін қамтуға тырысып, бәрін үлгеріп жатырмыз ғой», – дейді шынайы пейілмен.

Шындығында негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болып табылатын ауданда бөлімнің жұмысы ауыр екені рас. Оның үстіне экономикаға қатысты материалдардың бәрі де осы бөлімнен өтеді. Махаңның қарамағындағы Әзімбектің мамандығы басқа. Ауыл шаруашылығы, экономика тақырыбында жазған мақалалары жаттанды баяндаудан аспайды. Ал оқырманға нақты фактілерге негізделген, салаға қатысты түсінікті, бейнелі сөздермен «тұздықталған», дәмді мақала керек. Редакцияға орыс тілінде жазатын журналистер көп тұрақтай бермейді. Кейбіреулері жоғарыға ауысып кетеді. Кейбіреулері – ойдан-қырдан жиналғандар. Олардың жазғандарын да Махаң өзі аударғанды дұрыс санайтын. Бәрі де газетте жарияланған материалдардың мағыналы, оқырман қызығып оқитындай болуының қамы ғой.

Бөлімі «ауыр» Махаңның мінезі де ауыр. Сол салмақтылықпен әлгі сөзді елең қылмай жұмысына қызу кірісіп кетеді. Бұл – мамандығына деген махаббаттың, міндетіне адалдығының белгісі.

«Нархозда» оқып жатқан оқуын тастап, журналистикаға құжат

тапсырғанынан мақаланың кіріспесінде хабардар еткенбіз. Жолы болып оқуға түсіп кеткен сақа жігіт ақпарат айдынының болашақ қайраткерлері қатарында өмір теңізінде алға қарай құлаштап жүзіп жүре берген.

Атасы мен Дұртай әжесі бетінен қақпай өсірген Махан өнерлі өрен екенін де көрсеткен. Ол әуелете шырқаған «Аққұм», «Қарғаш», «Бурылтай» әндері достар бас қосқан отырыстардың сәніне айналды. Сол өнерімен оны «Махан сері» атап кетті достары. Сері десе дегендей, тұр-сымбаты да, жүріс-тұрысы да, сөз саптауы да келісіп тұр. Бірақ, Махаң үлкен сахнаға шыққан емес. Анау-мынауға елпең ете қоймайтын салмақты, салиқалы азамат көркемөнерпаздар үйірмесіне де қатысқан жоқ.

Университеттен кейін Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясына жолы түскен. Талай таланттың жолын ашқан, алға апаратын баспалдағына айналған бұл басылымның өзіндік ерекшеліктері де болды. Материалдарының маңыздылығы, безендірілуінің ерекшелігі жөнінен облыста оза шауып бәйге алған, озат тәжірибесі Одақта атап өтілген газет. Басылымның әр жылдарда қол жеткізген жетістіктерінде журналист Маханбетәлі Дүйсебаевтың да үлесі бар. Бар емес-ау, зор деп айтуға болады. Жеке суреттеме, очерк, репортаждарын айтпағанда, ол газет бетінде кім болып «сөйлемеді» дейсің. Ол малшы да, егінші де, механизатор да, зоотехник те, агроном да болды. Солардың аттарынан материалдар ұйымдастырған соң болғаны да. Ал ол материалдар біріншіден, нақты дәйектерге негізделетін. Екіншіден, мақалада сол мамандыққа тән ерекшеліктер, сол жұмыстарды жүзеге асырудағы кәсіби іс-әрекеттер көрініп тұруы керек. Ол үшін мақаланы дайындаған журналистің сол мамандықтан хабары да болуы керек қой. Махаң – осының бәрін меңгерген жан-жақты кәсіби журналист. Сол мамандықтар бойынша арнайы білімі болмаса да, олардың тірліктеріне ден қоюы, санасында саралауы арқасында көп нәрсеге «көзі ашылған», қыр-сырынан хабардар журналист.

Науқандық жұмыстар кезіндегі қатқабат қарбалас тірлікте кемшіліктер де кездесіп қалатыны сөзсіз. Ондайларды сын тезіне салып, түзетуге журналистиканың қосатын үлесі зор. Махаң мұндайда сабырлы, салмақты. Кейбір әріптестері сияқты «жерден

жеті қоян тапқандай» аттандап ала жөнелу – оған жат.

– «Жығылғанға – жұдырық» – дұрыс емес ұстаным. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді. Ал қарбалас тірлік, науқандық жұмыстар кезінде кездесетін кейбір майда-шүйде кемшіліктерге кешіріммен қараған жөн. Ондайда сипай қамшылап сыни сипатта ескертудің өзі түсінетін адамға жетіп жатыр. Ал енді кемшілікке біле-тұра немқұрайлықпен, жалқаулықпен, қасақана жол бергендерге кешірім жоқ, – дейді Маханбетәлі. Өзі де ондайлардың талайын «сойған», орынды сын-ескертпесімен кемшіліктерді «жолға қойған». Оған талай рет куә болғанбыз, өткір сынына риза болып, құттықтап қолын алғанбыз.

Махаңмен «Шұғыланың» редакциясында тізе түйістіре қызмет атқарған мүшел жас уақыт ішінде оның «ішек-қарнын» түгел білмесек те, ішінара біраз сырларына қанық болдық. Қонақжай пейілін көріп, қашанда қабағы ашық жары Қалжанның қолынан шай ішіп, дастарқанынан дәм де татқанбыз. Соның бәрінде Махаңнан нағыз қазақы мінез аңқып тұратын. Өйткені ол адамдары ажарқын, пейілдері даладай дархан Мойынқұм өңірінің тумасы ғой. Ал осынау абзал қасиеттер оның «Талдыөзектен Қозыбасыға дейін...» деген кітабының әр жолынан да айқын аңғарылады.

Маханбетәлі Дүйсебаев «Шұғылдан» кейін облыстық радионың редакторы, «Қаратау кеншісі» газетінде редактордың орынбасары қызметтерінде өнеркәсіпті қалалар Жаңатас пен Қаратаудың тыныс-тіршілігін көрсетуге көп күш жұмсады. «Журналист – қоғамның қозғаушы күші» дер болсақ, ол көптеген мәселе көтеру арқылы өндірістің өрге басуына зор үлес қосқанын айтуға тиіспіз.

Маханбетәлі облыстың бас басылымы, облыс баспасөзінің қара шаңырағы – «Ақ жол» газетінде қызмет атқарған жылдарында да бұрынғы жазғыштық қалпынан айныған жоқ. Бірақ, таптаурын жолдан жаңа үлгіге көшіп, Тәуелсіз Қазақстанның «жырын» жырлады. Жаңа қоғамның талаптарына сай өндірісті жүргізудің нарықтық қатынастарға сай қағидаларын жеріне жеткізе жазды.

Махаң өзінің шығармашылық жолында алдыңғы толқын ағалар, замандастар, жаңашыл жастар туралы очерктердің үлкен жиынтығын жасаған журналист. Олардың әрқайсысы бір-бір хикаяттың жүгін арқалап жүр және олардағы оқиғалар жай ғана баяндау емес, жастар үлгі алғандай өмір мектебі.

Мысалы, «Ақ жолда» (27.03.2021ж.) жарияланған «Тамұқты таптап өткен тағдыр» атты очеркінде қоғам қайраткері Жүсіпбек Арыстанов жайлы баяндалады. Сыр елінің тумасы бұл азаматтың қазақтың біртуар тұлғасы Дінмұхамед Қонаевқа сабақ бергенін, біздің облыстағы «Майтөбе» кеңшарында саяси бөлімнің бастығы болғанын, 1937 жылы өзі редакторы болып тұрған соң, республикалық «Социалды Қазақстан» газетінің атауы «Социалистік Қазақстан» болып өзгертілуіне қол жеткізгенін екінің бірі біле бермейді. Махаң індетте ізденудің нәтижесінде осы шындықтың бетін ашқан.

Бүгінде ортамызда жүрген соғыс ардагерлері, бірі 100 жастан асса, екіншісі 96-ның күнтізбесін жапқан қос

қария Мұсахан Бердібаев пен Мүтәліп Ережепбаев туралы жазған «Жүз жасаған жауынгер» және «Қаратаудың қара қобызы» атты очерк-суреттемелерін толқымай отырып оқу мүмкін емес. Әрине, соғыс тақырыбында, қарт майдангерлер туралы әркім-ақ жазып жүр ғой. Дегенмен Махаң өз кейіпкерлерін көпшілік біле бермейтін жаңа қырларынан суреттеген. Бұл екі ақсақалды мен де білуші едім. Сұхбаттасқан, сырласқан кездерім де болған. Бірақ, Мұсахан қарияның Днестрден өту кезінде жаралы взвод командирінің орнын ауыстырғанын, өзеннен өту тапсырмасын ойдағыдай орындағанымен, өзі ажал аузынан қалғанын білмейді екенмін.

Майдангер, журналист, ақын Мүтәліп ағамен қанша аралас-құралас болсам да, ол кісінің домбыра тартып, қобыз шалатынын, сырнайда шебер ойнайтынын Махаңның мақаласынан оқып білдім. Бұл әріптесімнің әр жазғанын зерттеп, зерделеп алатынына дәлел. Бұл бір жағынан тиянақтылық.

«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы». Біздің ісімізде, тіпті, міндетімізде бір көңіл аударарлық жайттар кездесе қалса, ұстазға телінетіні де сондықтан. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басынан сексенінші жылдардың ортасынан ауғанға дейінгі кезеңде Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне жетекшілік еткен декан, профессор Темірбек Қожақеевке «журфакта» оқығандардың бәрі де, соның ішінде өзім де бармын, қарыздар. «Темкеңнің тепкісін» көргендер кезінде пендешілікпен ол кісіге ренжіген де шығар? Бірақ, соңғы нәтижеде бәрі де риза. Өйткені ол нағыз ұстаз еді. Қаталдығымен-ақ білімгерлеріне қамқоршы, жана-шыр болған сол тау тұлға туралы шәкірттерінің көбі қалам тартқан. Бірақ Маханбетәлі Дүйсебаевтың «Көптің жүрегіндегі тұлға» очерк-суреттемесінен мен Темірбек ұстазымызды басқа да қырларынан танығандаймын.

Маханбетәлі очерктері ішінде мен тебірене отырып оқыған дүниелер – курстас достары Болат Мәуленов, Нарша Қашағанұлы, әріптес інісі Әбділда Сәрсенбі туралы жазғандары. Үшеуі де өңірге танымал журналистер. Болат пен Әбділда ұзақ жыл «Ақ жол» («Еңбек туы») газетінің редакциясында қызмет атқарған. Әрқайсысының өзіндік жазу өрнегі бар. Әрқайсысы бүгінде шыға бастағанына 100 жыл толған «Ақ жолдың» өркендеуіне, дамуына, оқырман сүйіп оқитын газет болуына қосқан үлесі бар.

Ал елінің еркесі болған Нарша баспасөзбен қатар мәдениет саласында да жауапты қызметтер атқарған.

«Ақындығы алты алашқа танымал» десем, артық айтқандық болмас. Махаң өзінің мақалаларында үшеуінің де жан дүниесіне терең үңіліп, олардың ерекше қабілеттері мен өздеріне ғана тән қасиеттерін аша білген.

Менің әріптесім Маханбетәлі Дүйсебаев – бүгінде жетпіс деген асудың бесінші белесіне шыққан, әлі де қаламы қолына түспей келе жатқан осындай қарымды қаламгер, ақпарат саласының үздігі.

Болат ЖАППАРУЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

2022 жыл.

ДІН МЕН ДӘСТҮР

Руханияттың қайнар көзі

Ислам дінінің асыл құндылықтарымен біте қайнасқан қазақ халқының салт-дәстүрлері қашанда ұлтты ұйыстырып, халықты ынтымағымен баурап келеді. Бірнеше ұрпаққа көркем мінез бен тағылымды тәрбие сыйлаған дін мен дәстүр өзара сабақтасып, руханияттың қайнар көзі ретінде үлкен маңызға ие болды. Бұл ретте, дін қайраткері Ержан қажы Малғажыұлының «Дін мен дәстүр» кітабы ұлт болашағына арналған кітап. Бұл кітапты оқыған әрбір адам дін мен дәстүрдің біте қайнасқан бөлінбес дүние екенін біледі. Осы орайда ойлы оқырманға рухани азық болсын деген ниетпен кітаптан үзінділер беруді жөн көрдік. Дініміз бен дәстүрімізді дәріптеуге бағытталған игі бастама алдағы уақытта да жалғасын табады.



мұсылманшылыққа қаншалықты зарары, салдары тиетіндігіне мән бермейді. Тым болмаса, қазіргі кезде қалыптасқан ислами таныммен ара-жігін ажыратып жатпайды. Себебі, олардың басым көпшілігінде шынайы мұсылмандық ұстаным қалыптаспаған. Сондықтан да сайда саны жоқ, құмда ізі жоқ надандық ұғымдар мен ғұрыптарды қайта жаңғыртуға құмар.

Ендеше замана көшінен қалып, жарамсыз болып ұмытылған дүниелерді жіпке тізе бермей, дұрыс пен бұрыстың ара-жігін ажыратып, халықтық мәдениет пен танымның біртұтастығын сақтау жолында жұмыс жасау қажет.

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР

Халық арасында қалыптасқан, тамыры тереңде жатқан салт-дәстүрлермен бірге шарифат құптамайтын ырымдар, қалыптасып қалған әдеттер де бар. Мысалы, болашақты болжау, балгерлікпен айналысу, құмалақ ашу, өмілдерге табыну, олардан қажетін сұрау, әр нәрсені киелі тұтып сиыну, табыну үрдістері мұсылманшылыққа жат қылықтар. Кейбір этнограф ғалымдарымыз, салт-дәстүр зерттеушілері өзінің еңбектерінде Ислам дініне дейінгі нанымдар мен сенімдерді зерттеп, ондағы надандық дәстүрлерді, есте жоқ ерте замандағы мифологияны, көп құдайшылдықты қайта жаңғыртуға шақырады.

Мәселен, кейбіреулер Наурыз мейрамын отқа табынушылардың мейрамы деп санап, сол үшін оны тойлағанда отқа сыйынып, оның үстінен секіріп ойнау қажет деген жәнсіз пікірлерін көңірсітіп, халықты надандық әдеттерге үндейді. Сондай-ақ, қазақ халқы мұсылмандықтан гөрі шамандыққа жақын болған деп қатардағы оқырманның ойын сан-саққа жүгіртеді, ана сүті мен дарыған мұсылмандық сеніміне селкеу түсіріп, әрі-сәрі күйде қалдырады.

Ғаламның пайда болуы туралы жаңсақ мифологиялық пайымдарды қайта тірілтуге тырысады. Көпшілігі мұны білместікпен істейді, жазылған дүниенің қаншалықты әсерлі болатындығына, оқырманның танымына қаншалықты әсер ететіндігіне, қазақы

(Бұхари мен Мүслім риуаят еткен)

ХАРАМҒА ҚОЛ САЛУ

Қоғамда кездесетін кейбір кең тараған әдеттер мұсылманшылыққа мүлде кереғар келеді. Оларға ең алдымен арақ, сыра, есірткі сияқты харам нәрселерді тұтынуды, зинақорлық сияқты қатаң тыйым салынған күнәлі істерді үйреншікті әдетке айналдыруды жатқызуға болады. Әбуһурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Харам істерден сақтан, сонда адамдардың ішіндегі ең ғибадатшыл тақуасы боласың», – деген. (Термези риуаят еткен)

ӨТІРІК АЙТУ

Адамдар арасында кең тараған жаман қылықтардың бірі – өтірік сөйлеу, жалған ант ішу. Бұл – мұсылманшылыққа жат қылық. Шындық пен өтірік, иман мен күпірлік қатар жүрмейді.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Шындықты сөйлеңдер, шыншыл болыңдар! Расында, шындық ізгілікке апарады, ал ізгілік жұмаққа апарады. Бір адам шыншыл болып, тек шындық айтуды әдеттенеді де, ақырында Алланың алдында шыншыл болып жазылады. Ал өтіріктен сәк болыңдар! Расында, өтірік бұзықтыққа апарады. Бұзықтық болса, тозаққа апарады. Бір адам өтірік сөйлеп, өтірікке әдеттенеді де, ақырында Алланың алдында өтірікші болып жазылады».

ЖЕМҚОРЛЫҚ, ПАРАҚОРЛЫҚ

Бүгінде жемқорлық қоғамдық дертке айналды. Бұл келенсіздіктің бірден-бір емі – имандылық. Ислам діні жемқорлықтың кез келген түріне қатаң тыйым салған. (Бұхари мен Мүслім риуаят еткен)

Әбу Дәуіттен жеткен риуаятта Алланың Елшісінің (с.а.с.) пара беруші мен пара алушыға лағынет айтқан. Парақорлық – адамдар арасында ескіден келе жатқан мерез. Мысалы, ақын Шортанбай Қанайұлы (1808-1881) да өз заманындағы би-болыстарды жемқорлықтан сақтандырыған екен. Оның өлең жолдарымен жеткізген мына насихаты әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Билер, пара жемендер,
Жанға бейнет кезбендер.
Кісі хақын алмандар,
Аузыңа пара салмандар.
Дүние жинап өткен жоқ,
Бізден бұрынғы Пайғамбар.
Сөз айтайын, үлкендер,
Құдайдан ғәпіл өтпендер.
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер!

«Дін мен дәстүр» кітабының алынды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Жамбыл ауданы – дәстүрі терең, болашағы жарқын өңір. Құрылыс пен сәулет саласындағы жаңашылдықтар – осының айқын дәлелі. Ауданның құрылыс саласына жауапты негізгі орган – аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі.

БӨЛІМДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАР?

Бөлім тұрғындарға және бизнес өкілдеріне мемлекеттік қызметтерді ұсынады. Эскиздік жобаларды келісу, жеке және заңды тұлғалардан тұрғын үй, коммерциялық немесе өндірістік нысандар салмас бұрын, жобаның сыртқы көрінісіне қатысты эскизді қабылдау, сәулеттік келбет пен құрылыс талаптарына сәйкестігін қарау, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, жер пайдаланушылардан учаскесінің мақсатын өзгертуге өтініш алу, құрылыс және реконструкция жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарын ұсыну, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау жөнінде анықтама беру, құрылыс-монтаж жұмыстары басталғаны туралы хабарламаларды қабылдау, құрылыстың сапасын тексеру, елді мекендердің бас жоспарларын жасау және жанарту қызметтерін көрсетеді. Осының бәрі аудан аумағында

құрылыс саласын ретке келтіруге және жаңа нысандарды уақтылы әрі сапалы тұрғызуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары ауданның бірнеше ауылында қала құрылысы жобаларына түзетулер енгізілді. Бұл қадамдар – жаңа тұрғын үйлерді салу, әлеуметтік нысандарды орналастыру, жолдар мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін маңызды негіз.

Қазіргі таңда ауданның қала құрылысына қатысты деректер мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізілген. Аудан бойынша бекітілген бас жоспарлардың схемалары ашық түрде «Gov.kz» мемлекеттік органдарының интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырылған.

Тоқтар АЯРБЕКОВ,
аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің бас маманы.

ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГ, СІЗДІ БАЙҚАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

«Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық конкурсы дәстүрлі түрде жылда өткізіліп келеді. Байқауды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырады.

Байқаудың басты мақсаты – білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған үздік авторлық педагогикалық идеяларды анықтау, қолдау және кеңінен тарату. Сонымен бірге, бұл алаң педагогтарға өз тәжірибесін бөлісуге, инновациялық әдістерді ұсынуға және кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Байқауға мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары қатыса алады. Қатысу жеке түрде жүзеге асырылады және әр педагог тек бір ғана материал ұсына алады.

Байқау бағыттары:
– оқу сауаттылығы;
– математикалық сауаттылық;
– жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
– цифрлық сауаттылық;
– қаржылық сауаттылық;
– экологиялық сауаттылық;
– медиетаралық сауаттылық;
– жаһандық құзыреттер (халықаралық қатысушылар үшін).

Бұл бағыттар білім алушылардың жан-жақты дамуына және заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне негіз болады. Байқау екі кезеңнен тұрады. Аймақтық кезең – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалды

сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяның сипаттамасын ұсыну (сабақтың, оқу немесе тәрбиелік іс-шараның жоспары).

Республикалық кезең – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяны нақты білім беру жағдайында қолдануды көрсету (сабақтың, оқу немесе іс-шараның бейнежазбасы).

Аймақтық кезеңде үздік деп танылған жұмыстар республикалық кезеңге жолдама алады. Әр бағыт бойынша жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Оқырмандардың онлайн дауыс беруі арқылы «YouTube-дауыс беру жеңімпазы» номинациясы да анықталады. Байқау қорытындысы бойынша үздік педагогтар халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысуға ұсынылады. Бұл байқау – педагогтардың кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды жоба.

Ақжарқын РАЙЫМБЕКҚЫЗЫ,
филология ғылымдарының магистрі, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институтының аға оқытушысы.

ҚАТЕРСІЗ ЖОЛ

Қауіпсіздік шаралары қай кезде, қай жерде болмасын қатаң сақталуы керек. Ереже мен тәртіпті бұлжытпай орындаған кезде ғана заң бұзушылықтың болмайтыны баршамызға белгілі. Әсіресе, жол жүру ережелеріне бағынудың мәні орасан зор. Себебі, жол – қателікті кешірмейді. Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау түрлі қатер мен қауіптің алдын алады.

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының тапсырмасына сәйкес жол жүру қауіпсіздігін сақтау бойынша ағымдағы жылы «Қатерсіз жол» атты айлық іс-шаралар жоспары құрылған. Аталмыш жоспарға сәйкес аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскери қызметшілер және автокөлік

жүргізушілерінің қатысуымен арнайы сабақ өткізілді. Жол жүру ережелерін сақтамау салдарынан түрлі апаттардың болатынын ескертіп, талдаулар жасаған жиынды бөлім бастығы, капитан Ерғали Үсенов жүргізді.

Басқосу барысында бөлім бастығы қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат беріп, жолда барынша сақ болуға шақырды.

Сонымен қатар, ереже сақтамаудың салдарын ескертті.

Жиында жол жүру ережелерін бұзатын және жол-көлік оқиғаларына кінәлі әскери қызметшілер мен азаматтық персоналдар арасындағы бұзушылықтарға талдау жасалып, орын алып жатқан оқиғаларды тілге тиек етті. Сонымен қатар аталмыш бұзушылықтарды есте ұстап, сабақ алудың маңыздылығын да атап өтті.

Конференция қорытындысында бөлім бастығы автокөлік жүргізушілеріне және жеке құрамға жол-көлік оқиғасына себеп болып табылатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу керектігін қатаң ескертіп, алдағы уақытта келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталған шаралардың сапалы әрі уақтылы орындалатынын айтты.

Жанболат ҚАПАЛБАЕВ,
жұмылдыру ресурстарын есепке алу және мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі инспектор.

ҒАЛЫМ ҚАПАШ ТАСБОЛАТУЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Соңы. Басы 1-бетте

ЕҢ ШУАҚТЫ ШАҒЫМ – АСА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНДА ӨТКЕН УАҚЫТ

Дина ТҰРАХМЕТОВА,
зейнеткер.

Содан Сабыр ағайдың домбыра үйірмесіне қатысып, кейін Крупская атындағы орта мектептің оқушыларымен бірігіп оркестр құрып, «Келіншек», «Би күйін» облыста орындап, жүлделі қайтқанымыз есімде. Бұл да бір Қапаш ағайымыздың үйірме жетекшілігіне де жауапкершілігі мол, өз ісінің мамандарын қоя білетіндігі болар.

Қапаш ағайымыз басқарған интернат мұғалімдері мен тәрбиешілері әр оқушының тиянақты білім алуына баса көңіл бөлгені соншалықты, біз, 8-а сынып оқушылары келешек мамандығымызды сол кезде-ақ анықтаған екенбіз. Сыныптың математиктері Әсілбек, Тұрсынқұл, Жібек, Орынбасар, Әзімхан пән мұғалімі Семізтаев Тұрғынбай ағай сияқты математика саласын тандаса, Шадман, Талғат, Батырхан, Тілепалды химия элементтерімен бастарын қатырып отыратын. Аман болса сызу, сурет сабағының үздігі еді. Қыздар, сызуға көмектесші деп кезекте тұратынбыз. Ал, мен, Алия, Исмаил, Тілеумұрат, Жахан гуманитарлық бағыттағы пәндерді сүйіп оқитынбыз.

1956 жылы Қазақстанның солтүстік өлкесінде тын игеру басталғаны тарихтан белгілі. Сол кездегі саясат бойынша қатар жатқан екі елдің мәдени араласуы, тіл үйренуі қажеттілігі болғандықтан, бізге сабақты РСФСР-дің түкпір-түкпірінен өз еріктерімен жіберілген мұғалімдер бере бастады. Олар өте білімді, талапшыл, жауапкершілігі жоғары, білім саласына еңбегі сіңген ұстаздар еді. Олар жанұяларымен оқу корпусының жанынан арнайы салынған 2 қабатты үйде тұратын.

Жергілікті мұғалімдер – Қайрат Алпамысов химиядан, Жандар Кәрібаев неміс тілінен, Бактылы Жарекенова тарихтан, Лутфулла Дүзеев бастауыш сыныпта сабақ берді.

Бұл сонау қиын кезең, ел-жұрт әлі де еңсесін тік көтере алмаған жылдар еді. «Тау алыстаған сайын биіктейді» демекші, қазір ойласам, қаршадай жүрегім әкемнің көрген қиындығын, оның қажымас, қайтпас қайсарлығын көріп, оны өзіме идеал тұтыппын. Мен үшін әкем алып шың болыпты.

Үйіміздің тірегі аяулы әкеміз дүниеден өткен соң, жанұяда мені мектеп-интернатта оқыту туралы сөз болды. Ол кезде 2 әкем Ильич мектебіне Шоқай ауылынан жаяу қатынап оқитын. Сонымен немере әкем Патшайым мені сол жылы интернатқа орналастырды. Қайран балалық-ай, қуанышымда шек жоқ. Қайнаған интернат өміріне араластым да кеттім. Туған үйімді интернат, әкемді бойшаң келген жарқын ашық жүзді, мейірімді, өте қарапайым Қапаш ағай алмастырды. Ағайдың төбесі көріне

қалса, қасымызда алып қорғаушымыз жүргендей сезілетін. Сыныптың бар оқушысы ағайды әкеміздей сыйлап, құрмет тұтатынымыз соншалықты, ұлдар арасында жағаласу, төбелесу, дауыс көтеріп сөйлеу дегенді естімеппін. Әрине, балалық бұзықтығымыз да болды, бірақ бәрі жаймен түсіндірумен шешілетін. Ағайдың бізге деген мейірімін, қамқорлығын сол бір 45 минуттағы сабақта майда, жұмсақ қоңыр үнінен сезетінбіз. Әр оқушы қазақ тілі мен әдебиеті сабағын асыға күтетін.

...2008 жылы қыркүйекте 40 жыл бұрынғы түлектердің Қапаш ағаймен екінші кездесуі болды. Мен сол кезде газетте жарияланған «40 жылдан кейін жалғасын тапқан сабақ» атты естелігімнен үзінді келтіре кетейін. «Бүгінгі кездесуде Қапаш ағайымыз сол кездегі қызыл империяның салдарынан айта алмаған, 40 жыл өтсе де көңілде қалған сабағын қайта жалғастырды. Сыныпта тыныштық. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті. Көз алдымызда ұлы Абай бейнесі. Әке мен бала арасындағы тартыс. Феодалдық заманның бел баласы Құнанбай бейнесінің сол кездегі бұрмаланып жеткізілуі. Тәуке ханның жер дауы, жесір дауына байланысты шығарған құнды заңдарымен сол кезеңдегі ру тартысын байланыстыра отырып, данышпан Абайды қараңғы сақараға жарық жұлдыздай әкелген саясаткер, ақылды да сұңғыла ойлы, катал да әділ басшы, дана әке Құнанбай туралы ой толғады. Сабақ соңында егемен еліміздің болашағына тоқталып, ұлттық рухымызды асқақтату үшін қазақтың көбеюі керектігіне, оның өсу жолдарына көз жіберді, көпшілікке ой тастады. Бір күзге қалаған бозғыл жүзінен «алды-арттарыңа қарайтын аталы жасқа келдіңдер, кейінгі ұрпаққа жеткізуге тұратын осы түйінді өздерің насихаттандар» деген ойды ұқтық. Сұрақ қоюға баяғы шәкірт күйімізге енген біз бата алмадық. Әрбір шәкірт жүрегіңде біздің қолымыздан келмесе де, қазақтың әл-ауқаты жақсарса, еліміздің дамуы лайым осындай қалыпты арнамен жүзеге асса, ұрпақ көбейер деген тілек қалды. Өкінішке орай, бұл Қапаш ағайымызды соңғы көруіміз екен. Бар өмірін еліміздің өскелең ұлағының білім алып дамуына арнаған асыл ағайымыз мәңгілік мекеніне аттанып кете барды. «Сонау 70 жылдың арғы-бергі жағындағы сіз екен дән өсіп-өніп нұ қарағай орман болды. Сіз біздің мәңгілік жүрегіміздесіз» деп көзіміз жасқа толып қала бердік.

...Түс қайта ертеңгі сабаққа дайындық басталушы еді. Үлгермеген сабағымызды жатақханаға алып кететінбіз. Бір мезгіл кешкілік тал түбінде алаңда отырып, бір-бірімізге көмектесіп дайындалатынбыз. Түрлі үйірмелер жұмыс істейтін. Оқыған кітаптарымыз туралы пікірлесетінбіз. Бізден кейінгі сыныпта оқыған Жамбыл АҚ вице-президенті қызметін атқарған марқұм Сембек Али екеуіміз «Инеш» кітабын оқып, талқылап, тақырыптың ашылмағанын, аты дұрыс қойылмағаны туралы пікірімізді кітап басылып шыққан баспаға хат жолдағанымыз есімде. Қапаш ағай қып-қызыл етіп өлең жолдарының ұйқасын жөндеп берген алғашқы «Отан» атты өлеңім газетте жарияланғанда шексіз қуанғанмын. Ал, түнде ұйқымыз келмесе, сушилқа бөлмесінде отырып алып, түнгі кезекшілер: Оля, Дамелі, Мадина апайлардың әңгімелерін тыңдайтынбыз.

«Ұстаз болу – жүректің батылдығы, Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, –

деп Ғафу ағамыз жырлағандай, мен 1975 жылы Алматы шет тілдері институтын неміс тілі мамандығы бойынша бітіріп, алғашқы еңбек жолымды өзім білім алып кеткен Аса орта мектеп-интернатында бастадым. Кейін мектепке атақты қолбасшы, батыр Бауыржанның есімі берілді. Еңбек кітапшамда «жұмысқа кірді, зейнеткерлікке шықты» деген екі-ақ штамп басылған ұстазбын. Директордың жеке хатшысы, бірлестік жетекшісі, кәсіподақ ұйымының төрайымы, директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқардым. Жоғарғы сыныптарға Абайтану, Бауыржантанудан сабақ бердім. Абай ілімін тереңдете беруде және Б.Момышұлының қай қырына көбірек тоқталу керек деген ой мені толғандырғанда Абайтанушы, Бауыржантанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор марқұм Мекемтас Мырзахметұлының жеке қабылдауында бірнеше рет болып, пікір-кенесін жылдық жоспар жазарда басшылыққа алдым. Оқушыларым Ө.Ботаев, Ж.Әбдімұтанов, Г.Ботаева, А.Имағанбетова жыл сайын Абай оқуынан өткізілетін аудандық, облыстық байқауларда бірінші, екінші орындарды иеленетін. Б.Момышұлының 100 жылдығына орай «Бауыржан – ұлттық рухтың алдаспаны» атты аудандық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өтуіне, кітаптың шығуына көп материалдар, тестік сұрақ-жауаптар құрастырып, Бауыржантанушыларға, мектеп оқушылары мен білімгерлерге көмекші құрал ретінде ұсынуға тікелей аталыстым. «Керек кезде шығарылымға берерсің» деп аманат еткен Қазақстан Парламенті депутаттығына екі рет сайланған қоғам қайраткері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, ұстазымыз Жандар Кәрібайұлының ағайымыз туралы жазған «Мейірім» атты эссесі оқырман қауымға жол тартты.

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі үздіксіз атқарған еңбегім ескерусіз қалмады. Бірнеше рет аудандық, облыстық кәсіподақ ұйымының, білім беру ұйымының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Қарашаңырақтың қабырғасын қимасам керек, кезінде аудандық оқу бөлімінің басшысы А.Ниязбекова Еңбек орта мектебіне, өз ауылым Шоқай елді мекеніне директорлық қызметке және Құмтың орта мектебі оқу ісінің меңгерушілігіне ұсыныс жасаса да, келісімді бермедім.

Мен интернатта оқыған кезімді еске алсам, кеудемді мақтанш сезімі билейді. Біз интернаттан өмірлік нанымды тауып жейтін білім алдық. Егер маған: «Өткен өмір жолыңызда бір сәт кері шегінсеңіз қай аялдамаға тоқтар едіңіз?» десе, мен ойланбастан «Аса мектеп-интернатында оқыған кезім» дер едім.

Аса мектеп-интернатының өркендеуіне бар қажыр-қайратын аямаған, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбиенің мызғамас іргетасын қалаған ардақты ұстазымыз Қапаш Тасболатұлының 100 жылдығында менің жарты ғасырға жуық өмірімнің куәсі болған алтын ұя мектебіміздің ұжымына, мектепті әр жылдары басқарған директорларға, аяулы әріптестеріме, бейнеттің зейнетін көріп жүрген ұстаз достарыма басымды иіп, сүйікті газетіміз арқылы шексіз алғысымды білдіремін.

Тараз қаласы

САҒЫНЫШПЕН
ЕСКЕ АЛДЫМ

Жан ағамды сағынышпен еске алдым, Жабырқадым, жанарыма жас та алдым. Мәртебесі, мақтаны еді үлкеннің, Өнегесі, үлгісі еді жастардың.

Жастайынан ел-жұртының бөлі еді, Ауыр сынға мойымаған ер еді. Жетімдерді интернатқа қанаған, Жүрегі оның неткен жомарт, кең еді.

Ізгі ісімен зәу биіктен көрінген, Әр қадамы асыл жіптен өрілген. Даналықтың елшісіндей жер еді, Шәкіртім деп маңдай тері тоғилген.

Сүйіп өскен қазақтың кең даласын, Қадірлеген тілін, ділін, данасын. Бар адамды жарыққамен жүретін, Таза жаны нұрмен тауып жарасым.

Ол туған жер менің-дағы киелім, Ағытамын ана тілдің тиегін. Адалынан қызмет еткен халқына, Жан ағамның рухына бас иемін.

Гүлбаршын Төлегенова,
шәкірті, білім беру саласының үздігі.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ
ЖҮРЕГІМДЕ САҚТАЛАДЫ

Ұстаз жайлы жазу оқушы кезге оралтып, көңілімді толқатты. Қапаш ағайдың менің өмірімде алатын орны ерекше. 1962 жылы Аса мектеп-интернатының 3 «а» қазақ класына қабылдандым. Интернатта Қапаш ағайдың дәрісін тыңдап өстім. Өзі ол кезде Алматыда аспирантурада сырттай оқитын.

Ғылыми-зерттеу диссертациясын қорға алдында Абай Құнанбайұлы жайында көп әңгіме айтатын еді. «Абай жолы» кітабының түпнұсқасы біз оқығаннан басқаша екенін ағайдан естіп білдік. Абайдың әкесі Құнанбайды феодализмнің қалдығы деп жаман образбен жазуға Мұхтар Әуезов амалсыз барғаны жайлы айтатын. Бір сөзінде хәкім Абайды өмірге әкелген әке осал адам емес, ел билеген көзі ашық, көкірегі ояу тұлға екенін түсіндірген еді.

Ғылыми еңбегін қорға алдында мектепте стенд орнатып Абайдың қара сөздері бойынша презентация өткізгені есімде. Қапаш ағайдың ұйымдастыруымен Абай жайлы кішігірім спектакль қойғанымыз күні кешегідей көз алдымда.

Қапаш ағай бізге кітап оқуды тапсырды, сол арқылы өмірді басқаша түсінетінімізді ұғындырды. Сол уақыттан бастап кластарымыз Исмаил Хаджимұрат, Жарылқасын Смайылов, Талғат Әжібаев, тағы басқалар әдеби шығармаларды таласа оқып өстік.

Мектептен кейін Алматыда жоғарғы оқу орнын бітіріп, бірге оқыған жұбайым екеуіміз жолдамамен Атырау қаласына «Эмбанефтегеофизика» мекемесіне жұмысқа орналастық. Сол мекемеде жұмысты инженер-геофизик болып бастап, вице-президент қызметіне көтерілдім. 2002 жылдан зейнетке шыққанға дейін Атырауда «Жанбай теңіз-мұнай» мекемесінде бас директор қызметін атқардым.

Қай жерде жүрсем де, еңбек пен білімге баулып, өміріме үлкен жолдама берген Қапаш ағайдың мейірімді жүзі, жарқын бейнесі әрдайым жүрегімде сақталды.

Осы күнге дейін қолымнан әдеби кітап түспейді. «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деген, ағайымыздың рухы жасай береді.

Шадман ҚАСЫМОВ,
Атырау қаласының құрметті ардагері.

ШҰҒЫЛА-РАДУГА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ
Аружан КҮНТУБАЙ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Құрбанәлі Шахабай
Жұматай Көксубайұлы

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Галия АЛИЕВА
2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҮҮ00041240

87059774177

87002642761

87474240395

87788758489

87088419629

87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058

Тапсырыс №252

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.